

Бекіткіш: Аманжол  
 Әдіскер: Мухомбетов М.С.  
 09.10.2023ж

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Топ: «Балапан» ересек тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: 09-13.10.2023ж

Білім беру ұйымы: «Балдаурен» МДҰ

Балалардың жасы: 4 жас

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балалардың көңіл-күйін бақылау, дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл - ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д/о: «Ойнайық та, ойлайық» Шарты: Таяқшалардан пішіндер құрастыру. (математика негіздері)	Д/О« Көлеңкесін тап» Шарты: Ертегі кейіпкерлерінің көлеңкелерін табады және атайды. (көркем әдебиет)	«Үннен не дайындалады?» ойыны Шарты: суреттер арасынан үннен дайындалатын тағамдарды табу (қоршаған ортамен таныстыру)	«Түрлі түсті жапырақтар» ойыны Шарты: жапырақтарды салыстыру, үстіне қою, жанына қою тәсілдерін пайдалану (математика негіздері)	Д/О «Топтастыр» Шарты: берілген суреттерді ортақ белгісін сай топтастыру, жалпылама атауын айту (қоршаған ортамен таныстыру)
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені №3				
<b>Таңғы ас</b>	Ойын- жаттығу: «Нан қоқымын шашпандар» Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	Шаттық шеңбер: Мына аспан астында Жақсы дос көп табыларМен де соның бірімін,Сыйлығымды қабыл ал!	«Біз білетін әндер» Таныс әндерді қайталау (музыка)	Жұмбақ шешу (тағамдар) (қазақ тілі)	Ұлттық киімдерді қарау	Тыныс алу жаттығулары
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Міндеті: шеңбер бойымен жүгіру, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу. Жылдам, баяу қарқында жүгіру. ЖДЖ (Орамалмен) «Шеңбер» ойыны Шеңберге тұрып, жылдам және баяу қарқында жүгіру. Қ/О «Кім етті?»	Музыка Міндеті: Аспаптың сүйемелдеуімен бірге қосылып әнді орындау, сазсырнайдың дыбысталу динамикасын еске сақтауға, ажырата білуге үйрету. Музыка тыңдау: « Сазсырнай». Ән айту: «Сазсырнай» Балалар әлемі. Әннің сипатын түсіндіріп, аспаптың сүйемелдеуімен	Дене шынықтыру Міндеті: заттардың арасымен доптарды домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру Бір қатар сапқа тұру. Бір қатар тізбекпен жүру және жүгіру. ЖДЖ (Текшемен) ҚО «Мергендер» Шарты: балалар оң және сол қолдарымен шығыршыққа	Қазақ тілі Міндеті: тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. «Ұлттық бұрышқа саяхат» ойыны Заттардың атын ататып, не үшін қажеттігін сұрау. Ұлттық бұйымдар туралы жұмбақ шешу. «Ою неге ұқсайды?» ойыны	Дене шынықтыру Міндеті: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша еңбектеу Саппен жүру ЖДЖлары «Құрсауды домалат» ойыны Шарты: жұптасып тұру, бір біріне құрсауларды домалату.  Көзге арналған жаттығулар ҚО«Сылдырмаққа дейін еңбектеп жет» сылдырмақтар суретін таңдау арқылы

<p>Деңгейлеріне сай аралас топтарға бөлініп, топтар гимнастикалық орындық үстінде еңбектеп жарысады. Тыныс алу жаттығуы</p>	<p>бірге қосылып әнді айтуға үйрету. <b>«Не артық?» ойыны</b> <b>Шарты:</b> Балаларға слайдтан бірнеше музыкалық аспаптардың және бір сөмкенің суреті көрсетіледі. Балалар сөмке артық екенін тауып айтады. Ойын әртүрлі суреттермен бірнеше рет қайталанады. <b>Музыкалық – ырғақтық қозғалыс ойыны:</b> «Екпін түрлері» Балалардың қолына сары және көк түсті жалаушалар беріледі. Марш екпіндегі әуен ойнағанда балалар сары түсті көтеріп марш екпінде жүреді, ал вальс екпіндегі әуен ойнағанда көк түсті көтеріп, жұптасып билейді.</p>	<p>қапшықтар лақтырады. Тыныс алу жаттығуы Қ/О «Кім жылдам?» (эстафета) Балалар кегельдер арасымен доптарды домалатады</p>	<p>Оюлардың атауын үйрету «Бұл кімге қажет?» Сандықтағы киімдермен танысу Музыка Міндеті: Аспаптың сүйемелдеуімен бірге қосылып әнді орындау, сазсырнайдың дыбысталу динамикасын еске сақтауға, ажырата білуге үйрету. Музыка тыңдау: «Сазсырнай» Ән айту: «Сазсырнай» Балалар әлемі. Әннің сипатын түсіндіріп, аспаптың сүйемелдеуімен бірге қосылып әнді айтуға үйрету. «Не артық?» ойыны Шарты: Балаларға слайдтан бірнеше музыкалық аспаптардың және бір сөмкенің суреті көрсетіледі. Балалар сөмке артық екенін тауып айтады. Ойын әртүрлі суреттермен бірнеше рет қайталанады. Музыкалық – ырғақтық қозғалыс ойыны: «Екпін түрлері»</p>	<p>топтарға бөлініп, сылдырмаққа дейін еңбектеп жарысады</p>
<p>«Қияр мен қырыққабат» ертегісін мазмұндау (көркем әдебиет) Д/О «Неге ұқсайды?» шарты: балалар жемістердің түсін, пішінін және неге ұқсайтынын сипаттайды,</p>	<p>«Күзгі бақта» ойыны Шарты: сурет бойынша әңгімелеу (сөйлеуді дамыту) «Ағаштағы жемістер» ойыны Балалар таңдауы бойынша бұтақ суретіне жеміс</p>	<p>Д/О «Ертегілер елінде» «Масак» ертегісін суреттер арқылы әңгімелеу (көркем әдебиет) «Шебер қолдар» ойыны</p>	<p>Д/О «Ертегілер елінде» «Шалқан» ертегісі сахналау (көркем әдебиет) «Шебер қолдар» ойыны Шарты: таңдауы бойынша шалқан мүсіндейді, суретін</p>	<p>«Не деу керек?» өлені (Ә.Дүйсенбиев) Топтан топқа қайталау арқылы жатқа айту. (көркем әдебиет) «Шебер қолдар» ойыны Шарты: таңдауы бойынша қызыл шыбынжұт</p>

	<p>орналастырады. (сөйлеуді дамыту) «Қысқа дайындаламыз» ойыны Балалар таңдауы арқылы дайын банка суретіне жемістер суретін салады, мүсіндейді, жапсырады.(жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Ұлттық ойын «Ақсерек, көксерек» Шарты: екі топқа бөліну, 1-ші топ.Ақсерек-ау ақ серекБізден сізге кім керек.2-ші Ақсерек –ау ақ серек, Сізден бізге( аты) керек Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек.Өтіп кетсе бір баланы тобына алып қайтады,өте алмаса сол топта қалады (ДШ)</p>	<p>суретін салады, мүсіндейді, жапсырады, құрастырады, (сурет салу,мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Жемістер атауына дыбыстық жаттығу орындау (қазақ тілі) «Қолшатыр» ойыны Шарты: балалар көңілді әуенге алаңда ойнайды, жаңбыр, күннің күркіреген дыбысында қолшатыр астына жиналады. (ДШ)</p>	<p>Шарты: таңдауы бойынша печенье мүсіндейді, суретін салады, жапсырады. (жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Ұлттық ойын «Тақия тастамақ» Шарты: балалар шеңбер құрып тұрады, көздері жұмулы, бастаушы оларды айналып жүріп біреуінің басына тақия кигізеді. Бала мен бастаушы шеңберді айналып жүгіріп келіп орнына тұруға талпынады, бала үлгермесе өнерін көрсетеді, ойынды әрі жалғастырады (ДШ)</p>	<p>салады, жапсырады. (жапсыру,мүсіндеу,сурет салу) Д/О«Неге ұқсайды?» шарты: балалар көкөністердің түсін, пішінін және неге ұқсайтынын сипаттайды, орналастырады. (сөйлеуді дамыту) «Кұстар мен жаңбыр» ойыны Шарты: балалар құстар рөлінде алаңда жүреді, жаңбыр белгісінде алдын ала дайындалған ұяларына ұшып барады.(ДШ)</p>	<p>саңырауқұлағын мүсіндейді, суретін салады, жапсырады. (жапсыру,мүсіндеу,сурет салу)</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау Балаларды ретімен киіндіру				
<b>Серуен</b>	Серуен картотекасы №6	Серуен картотекасы №7	Серуен картотекасы №8	Серуен картотекасы №9	Серуен картотекасы №10
<b>Серуеннен оралу</b>	Киімді шкафқа ретімен жинау Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру.				
<b>Түскі ас</b>	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Баяу музыка тыңдайды (музыка)	«Шалқан» ертегісін оқып беру	«Мақтаншақ қоян» ертегісін оқу	«Бесік жырын» тыңдайды	Баяу музыка тыңдайды (музыка)
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату	Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймені қадау, сырма сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді	Қыз балалардың шаштарын жинауға әрекет жасауын үйрету.	Гимнастикалық жолдан жүру. Таяқтарды жылжытып, массаж жасау.	Тыныс алу жаттығуы. «Сәбізді иіскеу»

	үйрету.				
<b>Бесін ас</b>	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Ас мәзірімен таныстыру, балалардың пазарын тағамға аудару.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Шебер қолдар» ойыны Шарты: қағаз бен жапырақтардан үй құрастыру (Құрастыру) «Ғажайып дорба» ойыны Шарты: дорбадағы жемістерді сипап сезу арқылы сипаттау, табу (қоршаған ортамен таныстыру) Жемістер атауына дыбыстық жаттығу орындау (қазақ тілі)	«Әртүрлі таспалар» ойыны шарты: жанына, үстіне қою тәсілдерімен таспаларды салыстыру (математика негіздері) «Аузымызға не түсті, тісімізге не тиді?» ойыны Шарты: балалар көздері жұмулы қалыпта ауыздарына салынған көкөністерді тауып атайды. (қоршаған ортамен таныстыру)	«Шебер қолдар» ойыны Шарты: жапырақтардан күн құрастыру (құрастыру) «Ас атасы нан» тақырыбына әңгімелесу, мақалды «Үш дауыс» тәсілімен жаттау (сөйлеуді дамыту) «Санды суреттер» ойыны Шарты: суреттегі жемістерді санау (математика негіздері) Әр түрлі әуенге қимылдар жасау (музыка)	Д/О «Қай ағаштың жапырағы?» Шарты: берілген жапырақты танып айту (қоршаған ортамен танысу) «Ғажайып жапырақтар» ойыны Жапырақтардан кірпі құрастыру (құрастыру)	«Қайдан келдің, бауырсақ?» өлеңін оқу, сурет арқылы әңгімелеу (сөйлеуді дамыту) «Шебер қолдар» ойыны Шарты: жапырақтардан Күз ханшайымын құрастыру (құрастыру) «Күзгі ағаштар» Шарты: Ағаштардың суреттерін ұзындығы, ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстырады. (Математика негіздері)
Балалармен жеке жұмыс	Нұрқасыммен «Жапырақтар» өлеңін қайталау, дыбыстарды дұрыс айту	Балалармен қатаң дыбысты (К) дыбыстауды қалыптастыруға жұмыс жасау.	Саматты көкөністерді сипаттауға үйрету	Рахимамен дыбыстық жаттығулар орындау	Балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін жетілдіру
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді бақылау. Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Серуен картотекасы №6	Серуен картотекасы №7	Серуен картотекасы №8	Серуен картотекасы №9	Серуен картотекасы №10
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.